

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің
8D01102 - Білім беру психологиясы білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған
Альгожина Анар Рашидовнаның «Жоғары мектеп педагогтарының
эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысы»
тақырыбына жазылған диссертациясына отандық
ғылыми кеңесшінің

ШКІРІ

Жаңа цифрлық ортада кәсіби-білім беру кеңістігін құру қазіргі қоғамның мәдени әлеуетін кезең-кезеңімен қалпына келтіруге және толықтыруға, тұлғаның психологиялық мәдениетін тәрбиелеуге, «зиялы ұрпақтарды» жаңғыртуға бағытталуы тиіс. Адам іс-әрекетінің атрибутивті компоненттері санатына біздің білім беру кеңістігімізде аз зерттелген кәсіби маңызды қасиеттері кіреді. Білім берудегі жаңа стандарттарға көшуге байланысты жоғары мектеп оқытушысының бейнесіне, рөліне және маңызына жаңа талаптар қойылуда. Осылайша, білім берудің жаңа стандарттары аясында жоғары мектеп педагогтарының құзыреттеріне, кәсіби қасиеттеріне, сондай-ақ жеке сипаттамаларына қойылатын жаңа талаптар туралы мәселе туындайды.

Оқытудың барлық деңгейлеріндегі оқу процесі көптеген күрделі және қиын мәселелерді тудырады, бұл педагогтан оларды тұрақты, негізделген және ұтымды шешуді талап етеді. Бұл қағида жоғары мектеп үшін де дұрыс. Оның үстіне бұл жерде жоғары мектеп оқытушысы белгілі-бір кәсіптік саладағы ғалым-маман мен педагогты біріктіретіні қиындатады. Сонымен, жоғары мектеп оқытушысының алдында тұрған мәселелердің саны артып келеді және олардың барлығы терең білім мен студенттің күрделі оқу процесін түсінуге негізделген шешімдерді талап етеді. Эмоционалды интеллект білім беру саласы үшін де қажетті ресурс болып табылады. Жоғары технологиялық, сандық, компьютерлік, электронды, нано-ақпараттық салаларда үлкен әлеуметтік-қоғамдық маңыздылықтың болуы білім берудегі ақыл-ой, интеллектуалды дамудың үстемдігін тудырады және сезімдер мен эмоциялар әлемін маңыздылығы төмен, екінші дәрежедегі орынға ығыстырады. Бұл эмоционалды сауатсыздық, білім берудегі эмоционалды интеллекттің болмауы, білім алушылардың мәдениеті, педагогикалық пен практикалық шындықта оны елемей және ескермей сияқты мәселелі аймақтың пайда болуына ықпал етеді.

Осы тұрғыдан алғанда А.Р. Альгожинаның «Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысы» тақырыбындағы зерттеу жұмысының өзектілігі сөзсіз.

Диссертациялық жұмыста эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттер өзара байланысы бағытындағы психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі ғылыми еңбектерді талдау нәтижесінде мәселенің теориялық және тәжірибелік аспектілері зерттелген.

Шетел, ресейлік және отандық зерттеулерге сүйене отырып, ізденуші «эмоционалды интеллект» және «кәсіби маңызды қасиеттер» ұғымдарына өзіндік анықтамасын берген, кәсіби маңызды қасиеттерді дамытудың предикторы ретінде эмоционалды интеллектті дамытудың психологиялық-педагогикалық моделі әзірленіп, тиімділігі эксперимент арқылы дәлелденген. Зерттеу нәтижелері бойынша Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің педагогикалық шеберлікті дамыту орталығында білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың «Эмоционалды интеллектті дамыту» бағдарламасы әзірленіп, жүзеге асырылды.

Ізденушінің алған нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік маңызы бар, себебі жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысын табу өзекті ғылыми мәселесін шешуге бағытталған және білім беру кеңістікте қолдануға болатын нақты нәтижелерге қол жеткізген. Қазақ тіліне бейімделген Д.В.Люсиннің «Эмоционалды интеллект» («ЭМИн») әдістемесі авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізілді, алғаш рет қазақ тілінде эмоционалды экспрессивті лексиканы қалыптастыруға ықпал ететін, адамға өз тәжірибесі мен сезімін дәлірек бағалауға және білдіруге мүмкіндік беретін құрал (эмоционалды сөздердің карточкасы) құрастырылды. Дисертанттың осындай шынайы нәтижелерге қол жеткізуіне оның еңбекқорлығы, іске деген жоғары жауапкершілігі, ізденімпаздығы, зерттеу мәселесі бойынша терең білімі мүмкіндік берді.

Альгожина Анар Рашидовнаның диссертациялық жұмысы логикалық жағынан жүйеленген, ішкі әдіснамалық және практикалық деңгейде орындалған тәуелсіз тұтас зерттеу болып табылады, қорғауға ұсынған тұжырымдары негізделген және эксперименталды түрде тексерілген, зерттеу міндеттері мен алынған нәтижелерге сәйкес келеді.

Қорыта келе, Альгожина Анар Рашидовнаның 8D01102 - Білім беру психологиясы білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Жоғары мектеп педагогтарының эмоционалды интеллект пен кәсіби маңызды қасиеттерінің өзара байланысы» тақырыбындағы зерттеу жұмысы теориялық және тәжірибелік құндылығы жоғары, дербес орындалған, аяқталған ғылыми жұмыс деп есептеп, аталған білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

Академик Е.А.Бөкетов атындағы

Қарағанды университетінің

психология кафедрасының меңгерушісі,

психология ғылымдарының

кандидаты, профессор

ҚОЙЫЛҒАН ҚОЛДЫ РАСТАЙМЫН

Сабо

В.Ф.Снег

